

Қазақстан Республикасы егемендік алған сәттен бастап қазіргі заманғы құқықтық жүйені қалыптастыруға бағытталған белсенді шаралар қабылдауда, ол демократиялық мемлекеттің қағидаттарына сәйкес келе отырып, қоғам мен мемлекетте болып жатқан барлық үдерістерді тиімді реттеген болар еді. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 949 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасында көрсетілген еліміздің құқықтық саясатын дамытудың басым бағыттарының бірі қылмыстық-атқару заңнамасын одан әрі дамыту болып табылады, ол тұтастай алғанда, еліміздің қылмыстық саясатының бір бөлшегі бола тұрып, заңдармен қорғалатын жоғарғы әлеуметтік құндылықтар ретінде адамның құқықтары мен бостандықтарының бастапқылығы және ажырамастығы екендігін танудан туындауы тиіс.

Мемлекеттің қаралып отырған құқықтық саласын одан әрі жетілдіру, оны адам құқықтары туралы халықаралық актілердің және сотталғандармен қарым-қатынастың негізгі қағидаттары мен тәртібін айқындайтын халықаралық келісімдердің ережелеріне сәйкес келтіру, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің материалдық-техникалық базасын жақсарту қажеттілігіне ғана емес, қылмыстық жазалар жүйесі мен оларды өтеу жағдайларын да, арнайы уәкілетті мемлекеттік органды да оның ішінде пробация институтын құру жолымен одан әрі жетілдіруге бағытталған нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу қажеттілігіне байланысты болмақ.

Қылмыстық-атқару жүйесін Ішкі істер министрлігінің қарамағынан Әділет министрлігіне беруді елдің қылмыстық-атқару саясатының жаңа дамуындағы бастапқы қадам ретінде ғана қараған жөн. Бұл ретте, қылмыстық-атқару жүйесін осылайша реформалау оның материалдық-техникалық базасын жақсарту жөніндегі қолданылып жатқан шаралары секілді, жалпы алғанда, қылмыстық-атқару саясатын дамыту перспективалары туралы анық түсінік бере алмайды. Дегенмен, оны дамыту перспективаларын және түрлі мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың тиісті өзара іс-қимылының ұйымдастырылуын нақты көрмей, оның ішінде бас бостандығынан айыру орындарының субмәдениетін өзгертпей сотталғандардың түзелу үдерісінің шын мәнісіндегі жақсаруы туралы, тиісінше, қайталама қылмыстардың сапалы төмендеуі туралы және қоғамды криминалсыздандыру үдерісінің тиімділігі туралы айтуға болмайды.

Қылмыстық-атқару саясатын жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік қызмет бір мемлекеттік органның, атап айтқанда әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің қызмет аясының шегінен асып түседі, бұл ретте қылмыстық жазалардың орындалу тиімділігін бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдарды оналтуға бағытталған кейінгі іс-шаралардан бөліп қарауға болмайды, ол жергілікті атқарушы органдарды, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдарды қоса алғандағы басқа да мемлекеттік органдардың қолдауын талап етеді.

Қылмыстық-атқару саясаты - жазаларды, сотталғандарға қылмыстық-құқықтық

және тәрбиелік ықпал етудің және оларға көмек көрсетудің, соның ішінде олардың ұзақ мерзімге жазасын өтегенінен кейін әлеуметтік оңалуына көмек көрсетудің өзге де шараларын атқару мен өтеу сатысындағы құқық дамытуға мемлекеттік тұрғыдан келуі екенін назарға ала отырып, осы Қазақстан Республикасындағы қылмыстық-атқару саясатын жетілдірудің 2007 - 2015 жылдарға арналған тұжырымдамасын қабылдау ұсынылады, оның шеңберінде қылмыстық жазаларды атқару жағдайлары мен елдің пенитенциарлық жүйесін халықаралық стандарттар талаптарына едәуір жақындатуға мүмкіндік беретін елеулі іс-шаралар кешені іске асырылады.

2. Проблеманың жай-күйін талдау

Қылмыстық-атқару саясатын тиімді іске асыруға байланысты проблемаларды шешудің мемлекет пен қоғам үшін елеулі маңызы бар, өйткені ол елдегі жалпы криминогендік жағдайға да, тұтастай алғанда қоғамның криминалдану деңгейіне де, яғни азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерінің қорғалу сапасы мен деңгейіне әсер етеді. Осылайша, қылмыстық жазаларды атқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру уәкілетті мемлекеттік органның қызметі мен бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды оңалтудың пәрменді жүйесін тиісінше ұйымдастыру мәселелері е р е к ш е к ө к е й к е с т і б о л м а қ .

Дегенмен, Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару саясатын іске асыру саласында қол жеткізген белгілі бір табыстарына қарамастан, әлі де болса оның тиімділігіне теріс әсер ететін көптеген шешілмеген проблемалар қалып отыр.

Қылмыстық жазаларды атқару жүйесі жетілдіруді талап етеді. Негізгі қылмыстық жазалардың 10 негізгі түрлерінің бірі ретінде қажетті материалдық базаның жоқтығынан қамауға алу қолданылмауда, қоғамдық жұмыстар мен бас бостандығынан айырудың әр алуан түрлерінің тәртібі мен өтеу шарттары жекелеген жағдайларда заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес келмей, елеулі мәселелер туындатуда. Соттардың қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды қолдануының, бас бостандығынан айырудың ең көп мерзімдерін төмендетуінің және жұртшылықты қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің қызметін бақылауды ұйымдастыруға тарту мүмкіндіктерін одан әрі заңнамалық түрде кеңейту қажет болып отыр.

Қорғаныс министрлігінің қылмыстық жазаларды атқару жөніндегі оларға тән емес функцияларын Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қарамағына беру мәселесін, сондай-ақ түзеу мекемелерін күзету функциясын Әділет министрлігінің қарамағынан Ішкі істер министрлігінің қарамағына, сондай-ақ сотталғандарды медициналық қамтамасыз ету функциясын Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағына беру мәселелерін қараған жөн.

Қылмыстық-атқару заңнамасын одан әрі ақылға сыйымды етіп ізгілендіру, сотталғандардың негізгі құқықтық шектелуін заңнамалық бекіту және қайта қарау,

қылмыстық және қылмыстық-іс жүргізу заңнамасына, халықаралық талаптарға сәйкес келтіру және қылмыстық жаза мақсаттарына қол жеткізуге барынша ықпал ететін өзге де тетіктерді жетілдіру мәніне тексеріс жүргізу қажет.

Қылмыстық-атқару жүйесі де одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Қазақстан Республикасы өзі жүргізіп отырған қылмыстық-атқару саясатын қылмыстық-атқару заңнамасын да, қылмыстық-атқару жүйесін де жетілдіру жолымен халықаралық стандарттарға жақындату жөнінде белсенді шаралар қабылдап жатқанына қарамастан, қылмыстық-атқару жүйесі материалдық-техникалық толық жарақтандыру мен оның қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуын арттыруға ғана емес, бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандарды ұстау және қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін жетілдіру тұжырымдамасын өзгертуге аса мұқтаж.

Осылайша, мемлекет жүргізіп отырған қылмыстық-атқару саясатын ізгілендіру нәтижесінде сотталғандардың жалпы санының қысқаруы аясында "түрме тұрғындарының" құрылымы өзгергенін, атап айтқанда, бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын сотталғандардың 80%-ға жуығы ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін сотталғанын, бұл ретте қайталап қылмыс жасағандардың саны да өсе түскенін талдау көрсетіп отыр.

Осыған байланысты, жабық түрдегі түзеу мекемелерінде сотталғандарды ұстау тәртібі тұжырымдамалық өзгертуді, нақты айтқанда, сотталғандарды жасақтап ұстаудан (100-150 адамнан) камералап ұстау үлгісіне біртіндеп көшіруді, ал қоныс-колонияларын жатақханалар түріне (1-4 адамнан) көшіруді талап етеді. Осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар қолданыстағы заңнаманы жетілдіруді және қажетті қаржы қаражатын бөлуді қажет етеді.

Бұл ретте, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ғимараттары мен құрылыстарының басым көпшілігі өткен ғасырдың басы мен ортасында, ал кейбірі - XVIII-XIX ғасырларда салынғанын және ескіргенін, көбінесе авариялық жағдайда тұрғанын, санитариялық және техникалық талаптарға жауап бермейтінін (олардың кейбірін пайдалану алдағы 5-7 жылда мүмкін болмай қалады) ескерген жөн, олардың халықаралық стандарттарға сәйкес келуі туралы айтпаса да болады. Инженерлік және техникалық күзет құралдары да өте нашар жағдайда. Осылайша, мекемелердің үштен бірінде дерлік күзет объектілерінің негізгі және жасанды қоршауларының ағаш элементтері шірі бастаған және ауыстыруды қажет етеді (тіреуіштер, кедергілер және т.б.), пайдаланылатын техникалық құралдардың басым бөлігі өз ресурстарын тауысқан және баяғыда есептен шығаруға жатады және т.б. Сотталғандарды есепке алудың қазіргі заманды тиімді жүйесін ұйымдастыруға арналған қажетті техникалық базаның жоқтығын ерекше атап өткен жөн.

Бұдан басқа, мекемелердің жағрафиялық жағынан орналасуы, біріншіден, елде жүргізіліп жатқан қылмыстық саясатты ізгілендіруге толық ықпал етпейді, екіншіден, халықаралық стандарттар мен қолданыстағы ұлттық заңнамаға сәйкес келмейді.

Мысалы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің (бұдан әрі - ҚАК) 68-бабына сәйкес бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар жазаны қамалғанға дейін өздері тұрған немесе өздері сотталған облыстың түзеу мекемелерінде өтеуі тиіс. Дегенмен, облыстардың бәрінде бірдей барлық колония түрлері жоқ, бұл ретте анағұрлым кемсітілген жағдайда әйелдер мен кәмелетке толмағандар қалып отыр, себебі, елімізде әйелдер ұсталатын барлығы төрт тәрбиелеу колониясы мен үш жалпы режимдегі колония бар. Осыған орай, түзеу мекемелерін режим түрі бойынша да, олардың орналасқан жері бойынша да оңтайландыру қажеттілігі туындайды. Бұдан басқа, түзеу мекемелері, көбінесе облыс орталықтарынан және үлкен қалалардан тысқары орналасқан, ол өз кезегінде жүйені сапалы қызметкерлермен толықтыру қиындығына әкеп соғады (білім, дүниетаным, ой-санасы деңгейінің жеткіліксіздігі), ал ол криминалдық субмәдениеттің әсер ету түрлі жұқпалы аурулармен науқастану қаупімен, мекеме қызметкерлері жалақысының төмендігімен (орта есеппен 25 мың теңге), өз оңалту-сауықтыру жүйесінің болмауымен, іс жүзінде тұрғын үй және кәсібінің беделді болмау проблемасының шешімін таппауымен шиеленісе түседі. Бұлардың барлығы жаза мақсаттарына қол жеткізуге кедергі келтіреді, себебі, тұтастай алғанда жүйе қызметінің тиімділігіне тікелей теріс әсер етеді.

Жүйеде сотталғандарды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды атқару бойынша күрделі жағдай қалыптасқан, дегенмен, мемлекет жүргізіп отырған қылмыстық саясатты ізгілендіруге байланысты бас бостандығынан айыруға сотталмайтын адамдардың саны тек арта түспек.

Сотталғандарды еңбекке орналастыру мәселесі елеулі қиындықтарға тап келіп отыр. Осылайша, 2005 жылы ақы төленетін жұмыстарға еңбекке қабілетті сотталғандардың 36,1 пайызы ғана қамтылды.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған сотталғандарды оңалту жүйесі, сондай-ақ қылмыстық-атқару инспекцияларының базасында жұмыс істейтін және бас бостандығынан айыруға байланысты емес қылмыстық жазаларды атқарумен қатар, аталған оңалту жүйесін және бас бостандығынан айыру орындарынан шартты-мерзімінен бұрын босатылғандарды қадағалауды қамти алатын пробация қызметі жоқ.

3. Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері

Тұжырымдаманың мақсаты Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңнамасында көзделген жазаның мақсаттарына барынша қол жеткізуге ықпал ету, сотталғандарды бейімдеу және оңалту жүйесін жасап шығару аясында қылмыстық жазалардың, пробацияның тиімді жүйесін белгілеуге, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесін жетілдіруге мүмкіндік беретін мақсатты мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз ететін жүйелі жалпы мемлекеттік іс-шаралар кешенін жасау жолымен

қайталама қылмысты және қоғамның криминалдануын сапалы түрде төмендету болып табылады.

Алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай басым міндеттерді шешу көзделеді:

елдің қылмыстық-атқару саясатын одан әрі дамытудың негізгі бағыттарын белгілеу;

қылмыстық жазаларды орындау жүйесінің нормативтік құқықтық, материалдық-техникалық базасын, қылмыстық-атқару жүйесін жетілдіру, сондай-ақ проба сия қызметін құру;

барлық мүдделі мемлекеттік органдардың және азаматтық қоғам институттарының теңгерімді бірлескен қызметін қамтамасыз ету;

пенитенциарлық салада тиісті ғылыми-зерттеу әлеуетін құру және дамыту; елдің қылмыстық-атқару саясатын одан әрі жетілдіру бойынша кезеңдік ғылыми негізделген кешенді бағдарламалар әзірлеу және қабылдау;

халықтың әлеуметтік криминалға қарсы иммунитетін қалыптастыруға және бас бостандығынан айыру орындарының криминалдық субмәдениетін өзгертуге ықпал ету;

сотталғандардың түзелу үдерісіне және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандардың оңалуына жұртшылықты кеңінен тарту;

қылмыстық-атқару саласында басқа елдердің пенитенциарлық жүйесімен, халықаралық, мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен, оның ішінде материалдық-техникалық және өзге де көмекті тарту арқылы ынтымақтастықты дамыту ;

сотталғандарға және жазаны өтеуден босатылғандарға қолданылатын түзеу-тәрбиелеу әсерінің мәнін, түрлері мен тәсілдерін жетілдіру;

тергеу және сот кезеңінде тергеу изоляторларында ұсталатын адамдардың, сондай-ақ жазасын өтеп жатқан сотталғандардың Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын тиісті құжаттарын алу құқығын қамтамасыз ету;

қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарында қылмысқа қарсы әрекет ету, басқа да құқық қорғау органдарымен өзара әрекет ете отырып, сотталғандар арасында жедел-ізвестіру, тәрбиелеу және алдын-алу қызметін жүргізу арқылы орнықты қылмыстық байланыстардың қалыптасуының жолын кесу;

қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі қылмыс әлемі салттарының көрінісіне қарсы күресудің құқықтық және ұйымдастыру жағдайларын жетілдіру.

4. Тұжырымдаманың негізгі бағыттары және оны іске асыру тетігі

Елдің қылмыстық-атқару саясатын одан әрі жетілдіру Қазақстан Республикасы таңдаған, адам мен азаматтың құқықтарының, бостандықтарының, олардың қоғам мен

мемлекет мүддесімен үйлесімі кезіндегі басым қағидаттарына негізделген демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құруға арналған бағытын табанды іске асыруды қамтамасыз етуі тиіс және қылмыстық жаза мақсатына қол жеткізуге бағытталуы керек, оған қылмыстық-атқару саясатын іске асырудың екі негізгі элементін, атап айтқанда:

қылмыстық жазалар жүйесін және оларды өтеу жағдайларын; уәкілетті мемлекеттік органды, оның ішінде пробация институтын құру жолымен одан әрі дамыту арқылы қол жеткізуге болады.

Алайда, ұсынылатын негізгі бағыттар толыққанды болып саналмайды. Олар жекелеген іс-шараларды жүзеге асырылуына қарай ғана емес, қылмыстық-атқару қызметін терең талдау нәтижесін де ескере отырып түзетілуі тиіс.

4.1. Қылмыстық жазалар жүйесін және оларды өтеу жағдайларын жетілдіру

Қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамдардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауда бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету және қылмыстық жазаны орындау жүйесін реттеу мақсатында Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне қылмыстық жазаны орындау бойынша Қорғаныс министрлігіне тән емес функцияларды беру мәселесін қарау қажет. Бұл ретте, Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне әскери қызметте шектеу және қамауға алу сияқты жаза түрлерін, сондай-ақ шартты түрде сотталған әскери қызметшілерді бақылау жөніндегі функцияларды орындауды бере отырып, қылмыстық жазалаулардан тәртіптік әскери бөлімде ұстауды да алып тастаудың орындылығын қарау қажет.

Түзеу мекемесінің режим түрін айқындау кезінде бас бостандығынан айыру жазасын өтеуге арнайы арналған өзінің мән-мазмұны бойынша жауап беретін орын ретінде "колония" терминін пайдаланудан "түрме" терминіне заңды түрде өту қажет.

Қамауға алу тәрізді қылмыстық жаза түрін қолдану үшін жағдай жасау, ол үшін жазаның осы түрін құқық қолдану практикасына енгізуді жеделдету және қаржы қаражатын үнемдеу мақсатында тергеу-қамаудағы адамдармен қатар, қамауға алынғандарды ұстайтын тергеу изоляторларының арнайы жабдықталған оқшау жергілікті учаскелерін де түрме деп қайта атау қажет.

Сонымен қатар, бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандарды ұстау тәртібі мен жағдайын, түзеу мекемелерінің құрылымы мен түрлерін қайта қарап, қоғамнан сотталғандарды оқшаулау дәрежесін жіктеуді негізге ала отырып түбегейлі өзгерту ол үшін бас бостандығынан айыру орындарын лагерліктен камералық түрге, ал сотталғандарды ұстауда қоныс-колониясы үшін жатақхана (1-4 адамға) түріне ауыстыру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет. Соған сәйкес мынадай түзеу мекемелерін (түрмелерді) белгілеу қажет:

абайсызда қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айырылып сотталған

адамдарды, алғаш рет онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталғандарды, сондай-ақ түрмеден көтермелеу тәртібімен жартылай жабық түрге ауыстырылып сотталғандарды ұстауға арналған ашық түрдегі (сотталғандардың оларға белгіленген талапты сақтаған кезде жалпы білім, кәсіби білім алуды және түрмеден тыс жерлерде еңбек қызметін жүзеге асыруға, сондай-ақ демалыс және мереке күндері жақын туыстарына шығуға құқығы болатын қоныс-колониясының орнына);

ашық және жабық түрдегі түрмеге жіберілуге жатпайтын, қасақана қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталғандарды ұстауға арналған жартылай жабық түрдегі (камералар тек түнгі уақытта ғана жабылатын болады);

тергеу-қамаудағы адамдарды, қамаудағыларды, сондай-ақ өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарды, өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен өмір бойы бас бостандығынан айыруға ауыстырылған, не өлім жазасын орындау мораторий әрекеті уақытында тоқтатыла тұрған және қылмыстардың аса қауіпті қайталануы кезінде бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды ұстауға арналған жабық түрдегі (камералар барлық уақытта да жабық болады, сотталғандар, тергеу-қамаудағылар және қамаудағылар одан серуендеуге, кездесуге, тергеу іс-шараларына ғана шығарылатын болады және т.б.).

Бұл үшін қолдағы барды жаңарту немесе жаңаларын салу арқылы халықаралық стандарттарға жауап беретін түрмелердің (әр облыс орталығында немесе үлкен қалаларда не оларға жақын жерде) қажетті санын жасауды біртіндеп жалғастыру қажет. Бұл ретте сотталғандарды ұстау режимін анықтауда сараланған тәсілді, соның ішінде түрменің түрімен қатар олардың ішінде де олардың түзелу жағдайларына қарай сотталғандарды ұстау жағдайын біртіндеп өзгерте отырып, қамтамасыз ету қажет. Бұл үшін ашық түрдегі түрмелер жартылай жабық және жабық түрмелерден жекелеген болуы керек, соңғылары бір түрменің ішінде арнайы оқшауланған блокқа, қажетті режимдік, тәрбиелеу, көтермелеу және өзге де шараларды және сотталғандардың әрбір санаты, сондай-ақ тергеу-қамаудағылар және қамаудағылар үшін сақтай отырып, орналасуы керек. Бұл ретте, түзеу мекемелерін режим түрі бойынша да, олардың орналасқан жері бойынша да оңтайландыруды жүргізу керек.

Өлім жазасын орындауға мораторий енгізілгенін және оны толықтай жою мәселесі шешіліп жатқанын ескере отырып, қылмыстық жазаның дербес түрі ретінде өмір бойы бас бостандығынан айыруды енгізген жөн.

Соттардың бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаларды қолдану мүмкіндігін бұдан әрі заңды түрде, оның ішінде олардың орындалу жағдайын жетілдіру жолымен кеңейту керек, бәрінен бұрын қоғамдық жұмысты барынша қолдану мүмкіндігі, бұл оларды тиімді ұйымдастырғанда мемлекетке және қоғамға қылмыс жасаған адамдардың отбасынан және әлеуметтік байланыстардан қол үзбей, еңбек нарығының ақысы төмен секторында жұмысты ұйымдастыра отырып, экономикалық

пайда табумен үйлесімділікте түзелуіне ықпал етеді. Бұл үшін қылмыстық-атқару жүйесіне жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылды күшейту және бірлесе отырып сотталушылардың атқаруы тиіс жұмыстардың үлгі тізбесін (аумақты жинау, ағаш отырғызу, бау-бақша және саябақ жабдықтарын жөндеу, өзге де біліктілікті тілемейтін жұмыстарды орындау) анықтау қажет, сондай-ақ жұмыс берушілер үшін осы санаттағы сотталғандардың еңбегін өтеусіз негізде тегін пайдалану туралы мәселеге бастамашылық ету қажет.

Қылмыстық жазаларды орындау кезінде заңдылықты нығайту және заңмен тыйым салынған шектерде жариялылыққа қол жеткізу мақсатында түзеу мекемелерінің қызметінде қоғамдық бақылаудың тиімді жүйесін жасау қажет.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарды олардың құқықтары мен міндеттері туралы ақпараттандыру жүйесін жақсарту, заң көмегін алудың уақтылығы мен қол жетімділігін қамтамасыз ету оның ішінде қылмыстық қудалау органдарымен бірлесіп, Қазақстан Республикасының азаматы ретінде жеке басын қуәландыратын құжаттары жоқ адамдардың және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардың оларды алуын қамтамасыз ету талап етіледі. Сотталғандардың, бәрінен бұрын әйелдер мен кәмелетке толмағандардың өздерінің барлық құқықтарын, алдыңғы кезекте медициналық-санитарлық, материалдық-тұрмыстық және әлеуметтік қамтамасыз етілуді толық көлемде пайдалануға бағытталған қызметті жүзеге асыру қажет.

Жазаны орындау негізіне сотталғандардың жазаны өтеудің алғашқы күнінен бастап еркін өмірге дайындық қағидатын енгізу қажет, ол үшін әйелдер мен кәмелетке толмағандарға баса назар аудара отырып, сотталғандар мен олардың туыстарының, қоғамдық ұйымдардың арасындағы байланысты қолдауға және нығайтуға ықпал ету қажет. Сотталғандарға діни қажеттіліктерін, рухани және моральдық сұраныстарын қанағаттандыру, ұлттық салтын, дәстүрін және ғұрпын сақтау үшін жағдай жасау керек. Сотталғандарды бір түзеу мекемесінің шегінде саралап ұстаумен қатар, неғұрлым жұмсақ режимдегі түзеу мекемесіне ауыстыруды, шартты-мерзімінен бұрын босатуға дейінгі ұстауды қамтитын қайта әлеуметтендіруді барынша пайдалану қажет.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің психологиялық қызметтерінің жұмысын жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру керек.

Тәртіптік практикада басым етіп сендіру және заңға бағыну мінез-құлқын ынталандыру әдістерін орнату және қылмыстық-атқару жүйесін ұстау режимін бұзушыларға тәртіптік және әкімшілік шараларды қолданудың тиімділігін арттыру жолдары мен тәсілдерін іздестіруге бағдарлау. Бұл ретте қылмыстық-атқару жүйесі органдарының құқық қорғау және арнаулы органдармен бас бостандығынан айыру орындарында заңдылықты, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, қылмыспен күрес мәселелері бойынша оның ішінде бірлескен жедел-іздестіру қызметін күшейту жолымен өзара іс-әрекетті жетілдіру қажет.

Сотталғандардың бос уақыттарын ұйымдастырудың жаңа нысандары мен әдістерін әзірлеуді және енгізуді, олардың дене және психикалық денсаулығының сақталуын, клубтық және үйірме жұмыстары жүйесін кеңейтуді қамтамасыз ету, сотталғандар арасында өзін-өзі басқарудың түрлі нысандарын дамыту, қазіргі заманғы коммуникация құралдарының жетістіктерін пайдалана отырып, жартылай жабық және жабық түрдегі түзеу мекемелеріндегі жазасын өтеп жатқан сотталғандарды тәрбиелеу ү д е р і с і н ж е т і л д і р у .

Сотталғандарға жалпы білім беру және кәсіптік оқыту мүмкіндіктерін, оның ішінде қазіргі заманғы технологияларды енгізе отырып, кеңінен пайдалану.

Сотталғандарды емдеу-профилактикалық қамтамасыз етуді халықаралық талаптарға сәйкес келтіру. Науқас сотталғандардың психикалық ерекшеліктерін, әлеуметтік-имандылық құлдырау деңгейін, медициналық көрсеткіштерін ескере отырып, осы адамдарға негізгі түзеу құралдарын саралы түрде қолдануды жүзеге асыру .

Сотталғандарды еңбекке тарту көзқарасын қайта қарау керек. Еңбек олардың жұмыс мамандықтары мен пайдалы дағдыларды алуға ықпал етуі тиіс. Сотталғандар үшін қосымша жұмыс орындарын құру жазаны орындау және өтеу тәртібі мен шарттарын одан әрі жетілдірудің ерекше шарты болып табылады деп белгілеу. Бұл ретте сотталғандардың қоғамдық-пайдалы еңбекке қатысуының негізгі мақсаты оларда адамдар қауымының нормаларын, ережелерін және салт-дәстүрлерін сақтау қажеттіліктерін қалыптастыру болып табылады. Сотталғандардың еңбекақысынан, зейнетақысынан, жәрдемақылар мен өзге де кірістерінен оларды ұстауға ақша ұстауды т о қ т а т қ а н ж ө н .

Қылмыстық-атқару жүйесі инфрақұрылымы объектілерінің құрылысын салу және пайдалану кезінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі нысанын қолдану мүмкіндігін қ а р а у .

Қылмыстық-атқару заңнамасын сотталғандардың негізгі құқықтарын шектеуді және оларды ұстау шарттарын халықаралық талаптарға неғұрлым жақындау мақсатында заңнамалық бекіту және қайта қарау жолымен оны одан әрі ақылға сыйымды етіп ізгілендіру мәніне тексеріс жүргізу қажет. Бұл жақындату қылмыстық саясаттың екі векторлы бағытын қамтамасыз етуі тиіс, бір жағынан бұл сотталғандардың қайталама қылмыстар, ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін және түзелу жолына түсуге тырыспайтын адамдарға қатысты ұстау шарттарын сақтау, екінші жағынан, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстары үшін, сондай-ақ түзелу жолына түскен адамдарға қатысты режим шарттарын жұмсарту.

Қолданыстағы халықаралық актілерге қосылу және жаңа халықаралық, оның ішінде қылмыстық-атқару саясатын іске асыру саласындағы мемлекетаралық келісімдер жасасу жөніндегі жұмысты жалғастырған жөн.

4.2. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін одан әрі жетілдіру

Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін одан әрі жетілдіру үшін:

1) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарды медициналық қамтамасыз ету функциясын азаматтық денсаулық сақтау мекемелеріне беру;

2) түзеу мекемелерін күзету функциясын Әділет министрлігінен Ішкі істер министрлігінің қарамағына беру;

3) қылмыстық-атқару жүйесі қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында, өңіраралық басқару органдарын құру мүмкіндігін қарау;

4) жаңа түрмелердің құрылысын салуды, жұмыс істеп тұрған мекемелерді қайта жаңарту мен күрделі жөндеуді ұйымдастыру. Сотталғандарды этаппен көшіру және тасымалдау көлемін мейлінше қысқарту, олардың тәртібі мен шарттарын қайта қарау. Тергеу изоляторларын транзитті-қайта айдауылдау функцияларынан босату, жекелеген түзеу мекемелерінің жанынан жинақтаушы-изоляторлар құру, "түрме - түрме" тікелей бағытын енгізу;

5) инженерлік-техникалық күзет құралдарына тиісінше қызмет көрсетуді және жөндеуді және қылмыстық-атқару жүйесінің кинологиялық қызметінің жұмысын қамтамасыз ететін материалдық-техникалық база жасау жөнінде шаралар қабылдау;

6) қылмыстық-атқару жүйесін басқару және сотталғандарды есепке алу үдерісін сапалы ақпараттық-талдаумен қамтамасыз етуді құру бойынша іс-шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру;

7) сотталғандарды стационарлық және амбулаториялық емдеуге арналған емдеу-профилактикалық мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту. Емдеу-профилактикалық мекемелерін кезең-кезеңмен салуды, сондай-ақ қолда барын қайта жаңарту мен жөндеуді жүргізу;

8) сотталғандар үшін жаңа жұмыс орындарын құру мақсатында қылмыстық-атқару жүйесінің өндірістік қуаттары мен кәсіпорындарын дамыту жөніндегі, оның ішінде осы мақсаттарға қаржы қаражатын бөлу жолымен де шаралар қабылдау, сондай-ақ оларға қорғау өтінімін орналастыру мәселесіне бастамашылық ету. Кәсіби маркетингті дамыту ;

9) инвестициялық ресурстарды тарту үшін шаруашылық жүргізуші субъектілермен іс-әрекеттің жаңа нысандары мен әдістерін, оның ішінде:

қылмыстық-атқару жүйесінің өнеркәсіптік әлеуетін ел экономикасына кіріктіруді, жүйенің еңбек ресурстарын пайдалануды;

еңбек нарығында қалыптасқан жағдайларды негізге ала отырып, кәсіптік-техникалық оқыту жүйесін және сотталғандардың алдын ала кәсіби даярлығын жетілдіруді ;

бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдарды заңда белгіленген тәртіппен еңбекке тарту үшін жеке куәліктері жоқ сотталғандарды толық құжаттандыруды жүзеге

асыруды қамтитын пенитенциарлық жүйенің өнеркәсібін қайта құрылымдау бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру;

10) қылмыстық-атқару инспекциясын, оған бас бостандығынан айыруға байланысты емес қылмыстық жазаларды орындау, жазаны өтеуден шартты-мерзімінен бұрын босатылғандардың мінез-құлқын бақылау, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды оңалту жүйесінің қызметі жөніндегі міндеттерді жүктей отырып, пробация қызметі деп қайта атау;

11) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде қылмыс әлемі салтының таралуына қарсы күрестің құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайын жетілдіру шеңберінде қылмыстық ортада беделі бар сотталғандар тобына тиімді түзету ықпалы бойынша шаралар қабылдау. Бұл ретте, қылмыстық ортаның "авторитеттері" және ұйымдасқан қылмыстық топ лидерлерінің құқыққа қарсы қызметтерімен байланысты сотталғандардың жекелеген санаттарының іс жүзінде қорғалуын қамтамасыз ету;

12) жақын және алыс шет елдің жазаларды орындау қызметтерімен байланыстарды және іскерлік ынтымақтастықты кеңейту, сондай-ақ шетелдік азаматтарды және азаматтығы жоқ адамдарды қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұстау бас бостандығынан айыру мекемелерінен босату, сотталған шетелдіктерді жазасын өтеу үшін беру, ұстап беру, сотталған қазақстандық азаматтарды шетелден қабылдау заңдылығы бөлігінде Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық міндеттемелерін орындау жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының кешенін іске асыруды қамтамасыз ету;

13) сотталғандардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша халықаралық және қазақстандық үкіметтік емес ұйымдармен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған қызметті жалғастыру. Адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету саласындағы, оның ішінде қылмыстық қудалау саласындағы халықаралық актілерге қосылу.

14) қылмыстық-атқару жүйесі инфрақұрылымы объектілерін салу және пайдалану проблемаларын тиімді шешу үшін пенитенциарлық жүйеде мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің әлемдік тәжірибесін зерделеу қажет. Жұмыс істеп тұрған қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерін концессия туралы заңнаманы қабылдағаннан кейін концессиялық басқаруға беру мүмкіндігін қарастырған жөн.

Пенитенциарлық жүйе қызметін ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етудің тиімді жүйесін құру талап етіледі. Әділет министрлігі Қылмыстық атқару жүйесі комитеті Қостанай заң институтына пенитенциарлық бағыттағы заңгерлерді, педагогтарды, психологтардың, сондай-ақ күзет және байланыс инженерлік-техникалық құралдарға қызмет көрсету жөніндегі сараланған инженерлерді даярлауға бағдарланған Қылмыстық-атқару жүйесі академиясының мәртебесін бере отырып, оның мәртебесін көтерген жөн. Бұл мақсатты жүзеге асыру академияға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келтіру мақсатында оқу-әдістемелік және

материалдық-техникалық базасын жетілдіруді қажет етеді.

Сондай-ақ, кадрларды іріктеу, даярлау және тәрбиелеу жүйесін сапалы жақсартып, кадр жұмысының нормативтік құқықтық базасын жетілдірген жөн.

Кадр мәселесін сапалы шешу және қылмыстық атқару жүйесі қызметкерлерінің имиджін көтеру шеңберінде жалақыны көбейту, қажетті тұрғын үй, медициналық-сауықтыру және өзге де шараларын қабылдауды ескеріп, қызметкерлердің әлеуметтік қамтамасыз етілу деңгейін арттыру қажет. Бұл ретте, қылмыстық атқару жүйесінің штатына қабылдау кезінде егжей-тегжейлі кәсіби-психологиялық іріктеуді ұйымдастыру, қызметкерлерді аттестаттау тәртібін, кадрларды қызметке іріктеудің келісім-шарттық және конкурстық тәртібінің құқықтық негіздерін, қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерін қызметте жылжыту кезінде оларды даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру. Жеке құрамның қызметтік, дене және моралдық-психологиялық дайындығы жүйесінің тиімділігін арттыру.

Ең алдымен, құрылыспен байланысты ұсынысты іске асыру Тұжырымдаманы іске асыру үшін көрсетілген уақыт шеңберіне қарағанда едәуір уақытты талап етеді, бұл ретте қылмыстық-атқару саясатын дамытудың бағыттарын айқындайтын негізгі іс-шаралар өзара байланысты мынадай үш кезеңде аяқталуы мүмкін: 1-кезең - 2007 - 2009 жылдарды; 2-ші кезең - 2010 - 2012 жылдарды және 3-ші кезең - 2013 - 2015 жылдарды қамтиды, олардың шеңберінде, оның ішінде мыналар ұсынылады:

бірінші кезеңде (2007 - 2009 жылдар) түрмеде ұстау түріне көшуді және қамалғандармен қарым-қатынас саласындағы халықаралық стандарттарға жауап беретін пробация қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін қажетті нормативтік құқықтық базаны қабылдау. Әскери қызметшілерге қатысты жазаны атқаруды Қорғаныс министрлігінен Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесіне, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарды медициналық қамтамасыз ету функциясын азаматтық денсаулық сақтау мекемелеріне, түзеу мекемелерін күзету функциясын Әділет министрлігінен Ішкі істер министрлігінің қарамағына беру мүмкіндігін қарастыру;

екінші кезеңде (2010 - 2012 жылдар) пробация қызметін ұйымдастыру, түрмелерді салу жолымен сотталғандарды түрмеде ұстау түріне көшуді жүзеге асыру және қылмыстық-атқару жүйесі органдары қызметкерлерін әлеуметтік қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыруға кірісу;

үшінші кезеңде (2013 - 2015 жылдар) сотталғандарды түрмеде ұстау түріне көшіруді жалғастыру.

Түрмелердің қажетті санын құруды толық аяқтауды қоспағанда, көрсетілген шаралардың, елеулі қаржылық құнына орай, оларды 2015 жылға дейін жүзеге асыру болжанып отыр.

5. Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері

Қаржыландыру көздері республикалық бюджет қаражаты болып табылады, олардың шығыстар көлемін Республикалық бюджет комиссиясы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын қалыптастыру кезінде белгілейтін болады.

6. Тұжырымдаманы іске асырудан күтілетін нәтижелер

Қылмыстық-атқару саясатын жетілдіру тұжырымдамасын іске асыру мыналарға мүмкіндік береді:

пенитенциарлық саладағы ұзақ мерзімді перспективаға арналған мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және заңды түрде ресімдеуге;

қылмыстық жазаны атқару жүйесін бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаларды сапалы дамыту, қылмыстық-атқару заңнамасын бас бостандығынан айыру жазасын өтеу жағдайларын ақылға қонымды-орынды ізгілендіру, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесін халықаралық стандарттар талаптарына едәуір жақындату жолымен жетілдіруге;

сотталғандардың құқықтық қорғалуын, оның ішінде Қазақстанның тиісті халықаралық құжаттарға қосылуы және қылмыстық жазаларды атқару саласындағы халықаралық стандарттарды енгізу және еліміздің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің де, оны басқару органдарының да материалдық-техникалық жарақтандырылуын (қайта құрылуын) тиісінше арттыру жолымен одан әрі арттыруды қамтамасыз етуге;

қылмыстық-атқару инспекциясының базасында пробация қызметін ұйымдастыруға;

қылмыстық-атқару жүйесінің персоналын даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың тиімді жүйесін жасауға және олардың әлеуметтік қорғалуын арттырудың пәрменді тетіктерін әзірлеуге;

пенитенциарлық салада жоспарланатын іс-шаралардың орындалуына және осы мақсаттарға бөлінген ресурстарды тиімді пайдалануды сапалы бақылауды қамтамасыз етуге;

криминогендік үдерістердің мемлекеттің экономикасы мен әлеуметтік тұрақтылығына теріс ықпалын азайтуға;

басқа елдермен және қазақстандық үкіметтік емес ұйымдармен қылмыстық-атқару саясатын іске асыру саласында одан әрі өзара іс-қимылды дамытуға;

пенитенциарлық қызмет саласындағы ғылыми-зерттеу әлеуетін құруға.

Бұл қорыта келгенде қоғамның криминалдану деңгейін төмендетуге, оның құқықтық мәдениеті мен азаматтық жауапкершілігін арттыруға ықпал ететін болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК